

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 29 наурыз N 456

Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, мемлекеттің үлестік қатысуымен шаруашылық серіктестіктерінің тізілімін жүргізу жүйесінің тұтастығын сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) "Ақпарат алмасуды қамтамасыз ету және мемлекеттік меншік жөніндегі деректердің ақпараттық базасын жүргізу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 наурыздағы N 246 P980246_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 9, 61-күжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, мемлекет үлестік қатысатын шаруашылық серіктестіктерінің тізілімі туралы ережеде: мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Тізілім ұстаушы мемлекетке тиесілі бағалы қағаздардың бастапқы ұстаушысы болып табылады." ;

3) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас есептеу орталығы" және "Ақпараттық-есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 шілдедегі N 951 P990951_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 34, 303-күжат):

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта атау туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында) "Қаржы жүйелерін ақпараттандыру орталығы" (ҚЖАО) (шаруашылық жүргізу құқығында) (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып қайта аталсын";

2 - тармақта:

1) тармақшадағы "Кәсіпорындардың жарғыларына" деген сөздер "Кәсіпорынның жарғысына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "Кәсіпорындарды" деген сөз "Кәсіпорынды" деген сөзбен

а у ы с т ы р ы л с ы н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ